



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

ЕҢ АЛДЫМЕН АДАМДАР: МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы [сілтеме](#)



Мемлекеттік қызметтер көрсетудің мақсаты мен қағидаттары

Көрсетілетін қызметті алушыларға сапалы мемлекеттік қызметтер көрсетілуін қамтамасыз ету мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мақсаты болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидаттар негізінде көрсетіледі:

- ❖ көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;
- ❖ мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;
- ❖ мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;
- ❖ мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;
- ❖ мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;
- ❖ мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.



МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ



Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы

[сілтеме](#)

Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтары



қызметті ұсыну тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда алуға



заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіге сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға



мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымдануға



қызметті қағаз және (немесе) электрондық нысанда алуға



мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді "бір өтініш" қағидаты бойынша алуға



нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылауларға қатысуға



бұзылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы талап арызбен сотқа жүгінуге



цифрлық құжаттар сервисінен лектрондық құжаттарды пайдалануға

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең жағдайда алады



www.apa.kz

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ



Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы [сілтеме](#)

Көрсетілетін қызметті берушілердің құқықтары мен міндеттері



нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге



мүмкіндігі шектеулі адамдарға қажетті жағдайлар жасау



мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсыну



қызметті берушілерге қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну



мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей қызметтердің нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз ету



мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру



көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарын осы Заңда белгіленген мерзімдерде қарауға және оларды қарау нәтижелері туралы хабардар ету



мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы ақпаратты алу мүмкіндігін қамтамасыз ету



көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолдану



МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ



Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы [сілтеме](#)

Көрсетілетін қызметті берушілердің құқықтары мен міндеттері



ақпараттық жүйелердің іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету



мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу



ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған келісімін не ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы келісімін алу



мемлекеттік қызметтер көрсету үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттарды пайдалану



Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартуға міндетті

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметтерді алушылардан:

- 1) мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйелерден немесе цифрлық құжаттар сервисінен алуға болатын құжаттар мен мәліметтерді;
- 2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік корпорацияның салыстырып-тексеруі үшін түпнұсқалары ұсынылған құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін талап етуге жол берілмейді.



МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗІЛІМІ



Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы [сілтеме](#)

P/c №	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің коды	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Кіші түрлері	Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні әзірлейтін орталық мемлекеттік органның атауы	Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің атауы
1	2	3	4	5	6
168.	00403002	Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау		ОАМ	"Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20883 болып тіркелді.
173.	00403006	Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау		ОАМ	"Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 219 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20695 болып тіркелді.



АҚПАРАТТЫҚ ТАҚТА ҮЛГІСІ

«№96 О.Спанов атындағы орта мектебі» КММ


Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер



Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізімі




МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ҚАФИДАЛАРЫ



Мемлекеттік қызметтер көрсетуге жаупты тұлғалар





МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ТАЛАПТАРЫ



Қосымша ақпарат

ӨТІНІШ ҮЛГІЛЕРІ



МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ РЕСМИ ИНТЕРНЕТ - РЕСУРСТАРЫ





Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері:

- 1) "электронды үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі-Портал);
- 2) ақпараттандыру объектілері;
- 3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы (қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөмірі "электронды үкімет" веб-порталында тіркелген жағдайда) арқылы жүзеге асады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі:

Өтініш келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелері:

Мектепке дейінгі ұйым мен баланың ата-анасының бірі немесе заңды өкілі арасында жасалған келісім шарт негізінде баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап



Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі



- 1) Қағидалардың 1 және 5-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - 2) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) бекітілген № 065/е нысанды профилактикалық екпелердің картасы;
 - 3) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "052-2/у" нысандағы "Бала денсаулығы паспорты";
 - 4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 027/е нысанындағы анықтама;
 - 5) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысының (мүмкіндігі шектеулі балалар үшін) (болған жағдайда) электронды көшірмесі;
 - 6) әскери қызметшінің немесе арнаулы мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының, фельдъегерлік байланыс қызметкерінің жұмыс орнынан берілген, уәкілетті адамның қолымен және мөрімен (бар болса) расталған анықтаманың электронды көшірмесі (берілген күннен бастап бір ай ішінде жарамды);
 - 7) ұйым басшысының мөрімен және қолымен расталған педагогтің, медициналық қызметкердің жұмыс орнынан анықтама (берілген күннен бастап бір ай ішінде жарамды), дипломның электронды көшірмесі;
- Жеке басын куәландыратын құжаттар, баланың туу туралы куәлігі туралы мәліметтер, МДҰ-ға бірінші кезекте жолдама алуды растайтын мәліметтер тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден тартылады.

Резидент еместер үшін:

- 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының (ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаттың электронды көшірмесі;
- 3) баланың туу туралы куәландыратын құжаттың электронды көшірмесі;
- 4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 065/е нысанындағы профилактикалық егу картасы;
- 5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Бала денсаулығы паспорты" "052-2/у" нысандағы анықтама;
- 6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 027/е нысанындағы анықтама;
- 7) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысының электронды көшірмесі (мүмкіндігі шектеулі балалар үшін) (бар болса).



Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау

қағидаға өту



Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері:

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жүзінде немесе жергілікті атқарушы органдардың, Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі:

Көрсетілетін қызметті беруші арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

- 1) құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап-30 (отыз) минут;
- 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 (он бес) минут;
- 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут.

Балаларға арналған музыкалық, балалар көркемсурет мектептерін, балалар өнер мектептерін және көркемдік-эстетикалық бағыттағы мектептерді қоспағанда, оларға қосымша білім беру жөніндегі қосымша білім беру ұйымдарына қабылдау Бос орындар болған кезде жүргізіледі.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

- 1) құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырған сәттен бастап-1 (бір) жұмыс күні, бұл ретте құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;
- 2) мемлекеттік корпорацияда құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут. Балалардың музыкалық, балалар көркемсурет мектептеріне және балалар өнер мектептеріне, көркемдік-эстетикалық бағыттағы мектептерге қабылдау әңгімелесу қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелері:

Құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру осы негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға және қосымша білім беру ұйымына қабылдау кезінде немесе дәлелді бас тарту.



Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі



Көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға:

- 1) ата-аналардың бірінің (немесе өзге де заңды өкілдердің) негізгі талаптарының тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - 2) ата-анасының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) біреуінің жеке басын куәландыратын құжат және баланың туу туралы куәлігі не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) электрондық құжат;
 - 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы бұйрығымен бекітілген № 027/е нысан бойынша Медициналық анықтама № ҚР ДСМ-175/2020 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);
 - 4) негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі.
- Ата-анасының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) біреуінің, баланың жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.



Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы бос немесе уақытша бос лауазымға орналасуға конкурсқа қатысу үшін педагогтердің құжаттарын қабылдау **қағидаға өту**



Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (**сәйкестендіру үшін**);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу (тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS - айелтс) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;
- 11) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
- 12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.





Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері:

- egov.kz "Электронды үкімет" порталы;
- "Ұстаз" педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы" ақпараттандыру нысаны

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі:

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: бір жұмыс күні

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелері:

Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған құжаттарды қабылдау туралы немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту хабарламасы. Көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде көрсетіледі



Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі



- 1) өтініш;
- 2) білім туралы диплом (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);
- 3) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);
- 4) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);
- 5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат;
- 6) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін);
- 7) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар;
- 8) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар.
- 9) Эссе (250–300 сөз). Жеке басын куәландыратын құжаттар, білімі және еңбек қызметі туралы мәліметтер тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен электрондық үкімет шлюзі арқылы алынады.
"Педагог-модератор", "педагог-сарапшы" біліктілік санаттарына аттестатталушылардың 3), 5), 6), 7), 8) тармақтарда көрсетілген құжаттары Платформада жинақталады.

